

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДДЕСТ МИНИСТЕРИЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ АДДЕСТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АККЕЛ АУДАНАРАЛЫҚ АДДЕСТ БАСҚАРМАСЫ

**ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫН МЕМЛЕКЕТТІК
КАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ**

2021 ж. 13 01
390 940 000 020
Баланс-сайындағы наимеуі
Акшамжы тәрделген күні 04.08.1923

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім болімі Новокубанка ауылдың жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы срежелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім болімі Новокубанка ауылдың жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Зандарына, Президент пен Ұкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті салапың үәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті салапың үәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Новокубанка ауылдың жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналаскан жері: 021610 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Новокубанка ауылы, Кан де Хан көшесі, 15.

2. Мемлекеттік мекеменің зандық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катьсушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша озінің кепілдегіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, тиісті бюджет каражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтақ бірлік субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Каржы министрлігінің аумақтық қазынашылық болімшелерінде міндетті тіркелуден еткеннен кейін, оз күшіне снеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке адамның, қогам мен мемлекеттің мұддесіне оқыту және тәрбиеу болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шыгармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулау, мемлекеттік рәміздері мен казақ тұлін күрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілілікті тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне катысу қажеттігін, жеке адамның оз құқықтары мен міндеттерінен саналы қозқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, казак халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) срекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

- 8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;
- 9) педагогтердің алеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 10) білім беру саласында мемлекеттік кызметтер көрсету.

Мемлекеттік мекеменің түлекстеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

15. Мемлекеттік мекеме оку процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығына, «Жалпы білім беру үйымдарына ариалған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2013 жылғы З сауірдегі № 115 бүйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме оку процесін жүзеге асыратын үлгілік, оның ішінде қысқартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес таңдайды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оку бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оку ісіндегі оц талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, септеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан озін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары білім алушылардың гылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жогары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өз-озін анықтауга және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оку және тәрбие процесі үлгілік оку бағдарламаларына және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оку жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт гимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМББС-ның, санитариялық қагидалардың, деңсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынышдары негізінде өзірленген үлгілік оку жоспарлары білім беру үйымы бекіткен срежелермен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасоспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне койылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылты 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

25. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және корытынды аттестаттау откізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме ұлттық білім беру деректер базасында өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда акпараттар жүйелерін автоматтандырылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарындағы окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

28. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекеменің міндепті мектеп формасы оқытуудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылты 14 қантардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

31. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

32. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

33. Шектеу іс-шаралары орындау барысында, мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумакта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сынныңта 15 білім алушыларға дейін сыннып-жинақталымдарын қалыптастыра алады.

34. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару нысандары (педагогикалық, камқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

35. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шыгару құқықка қарсы әрекеттер жасағаны үшін, білім беру үйымының жарғысын өрсекел және бірнеше рет бұзғаны үшін үәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының камқорлығының қалған балаларды шыгару туралы шешім камқоршы және қорғаныш органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрган кәмелетке толмагандарды мемлекеттік мекемеден шыгару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

36. Білім алушылар құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауга;

3) білім беру үйымдарында тегін ақпараттық ресурстарды пайдалануға, мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға оку-әдістемелік құралдары қол жетімді

4) спорт, оку, салтанат залдарын, компьютерлік сыныппар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтегуіне;

7) окудағы,ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадақтауға.

Білім алушылар міндettі:

1) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру үйымының жарғысында көзделген талаптарды сақтауға міндettі ;

2) өз деңсаулығын күтуге, рухани және дене бітімін жетілдіруге үмтүлуга;

3) білім беру саласындағы үәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) өздері білім алатын оку орынның дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге,

37. Кәмелетке толмаган балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына катысуга;

3) білім алушылардың, тәрбиленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

1) балалардың омірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік түрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйімінің жарғысында айқындалған қагидаларды орындауға;

3) балалардың оку орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру үйімдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-касметтің күрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілдесті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру үйімінде белгіленген киім нысанын сақтауға міндетті.

38. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқықы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйімдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарарапынан заңсыз қарым-катастан және кедергіден корғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарарапынан кәсібіне күрметпен карауга;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үйімдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикага жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, пегурлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, оку материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулыктарды, оку-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге катысуга;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымга орналасуға;

- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауга қатысуға;
- 11) білім беру үйымын басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз көсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) көсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге калдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда көсіптік дағдыларын колдау және арттыру үшін «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдаған отуте;
- 19) үйим басшысының озіне қатысты қабылдаган актілеріне, әркеттеріне және пешімдеріне жогары тұрган лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеценушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтестуге;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.
- Педагог:
- 1) өз қызметінде тиісті көсіптік құзыреттерді менгеруге;
 - 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сактауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарында көзделген таланттардан тәмсін емес деңгейде қамтамасыз стүге;
 - 3) өзінің көсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешіктірмей арттыруға (растастауға);
 - 4) педагогтік әдепті сактауға;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндепті мерзімлік медициналық қарап-тексерулерден отуте;
 - 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтестуге;
 - 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жогары имандылық, патриоттық, коршаган ортага ұқыпты карау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәденистің қалыптастыруға;

9) білім беру үйымының басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауга;

10) құқық қоргау органдарына және білім беру үйымының басшылығына қылмыстық ис әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға катысты жасалу, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде қосіптік қызметіне байланысты өзінсө белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауга;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелу мәселелері бойынша ата-анасына немесе озге де заңды екілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог саяси үгіттеу мақсатында, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауга не олардан бас тартуга мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты көздіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге қозқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үтіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе үшін білім беру процесін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына пүксан келтіретін теріс қылыш жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

39. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 63 бабына сәйкес мемлекеттік мекеме көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мүлікті жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

40. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бүйрүгімен бекітілген орта білім беру үйимдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

41. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің пәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

42. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек койылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы лара басшылық кагидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

49. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

50. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртішпен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін ұсынады;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдаға, қызметкерлердің казақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жогарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шыгарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мадақтау және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен оқілеттіктер аясын айқындаиды;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер корсету сапасын бакылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

51. Мемлекеттік мекеменің мешіті, оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мешіті:

- 1) оған мемлік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыым салынбаган өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

52. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетең ақшаны қоспаганда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің сеебіне жатқызылады.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру хозі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

55. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

56. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілді органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі енбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы енбек заңнамасының нормаларына қайши келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен оқілдіктері туралы мәліметтер

60. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен оқілдіктері жоқ.

**РГП "ЦЕНТР ПО НЕДВИЖИМОСТИ КОМИТЕТА РЕГИСТРАЦИОННОЙ СЛУЖБЫ
МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ"**

**СВИДЕТЕЛЬСТВО
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ПРАВ (ОБРЕМЕНЕНИЙ)
НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО И СДЕЛОК С НИМ**

№ 06/1/1216

«08» июня 2006г.

Выдано: ГУ «Отдел образования» Шортандинского района, рег. №92-1902-13-ГУ от 24.01.2006г
в подтверждение того, что на следующие объекты недвижимости:

Вид Нед - жн. и жн.	Кадастровый Номер	Местоположение	Целесо- беннос- ть	Кол-во Состав- ющих	Этаж- ность	Площадь Общая, кв.м.	Площадь жилого, использу- емой	Делимост- ь ЗУ	Примеч- ание
ЗУ	01-012-007-020	Акмолинская область, Шортандинский район, с. Новокубанка	Для обслуживания на объекта			1.9433 га		да	
ПО			Здание школы	86	3	2597,7	1638,5		

зарегистрировано право:

Вид права	Содер- жание	Правообладатель	Форма общей собственности, зона	Основание возникновения права	Дата приема регистрации
ПС	ЗУ	ГУ «Отдел образования» Шортандинского района, рег. №92-1902-13-ГУ от 24.01.2006г.	ГС	Акт на ПС на ЗУППЗ №6831 от 23.07.2004г.	08.06.2006г. 12-15ч.
	ПО			Постановление Акимата Шортандинского района от 14.01.2006г.	

Зарегистрировано обременение права:

Вид обрем- енения	Содер- жание	Правообла- датель или уполномоч- енный орган	Форма Общей Собственности, зона	Сумма (Стоимость)	Размер обременя- ния	Срок	Основание возникновения обременения	Дата приема регистрации
							Не зарегистриро- вано	

Управляющий филиал

Байсеркеев Е.Ж

Регистратор:

Байсеркеев Е.Ж

Примечание:

- Сведения содержащиеся в свидетельстве являются действительными на момент выдачи.
- Наследник свидетельства удостоверяет регистрацию права и правообладателя и не отрицает все существующие обременения (ограничения), зарегистрированные права. Для получения полной информации о зарегистрированном праве до заключения сделок участники гражданского оборота рекомендуется подчиняться штампу из регистрирующего листа Центра по недвижимости (регистрационный орган).
- При отсутствии права, свидетельство подлежит возврату к регистрирующему органу по месту регистрации сделки.
- При утрате (повреждении) свидетельства правообладатель обязан подать заявление в регистрационный орган с указанием причины утраты (повреждения) свидетельства.